

Қаражал қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 101 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365 бабы 3-тармағының 2) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Қаражал қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қаражал қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың төрағасы

З.Оспанова

Қаражал қалалық мәслихатының
2023 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 101 шешіміне
қосымша

Қаражал қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,88
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,1
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,97
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,75
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,53
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0072

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,22
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,32
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамактану мекемелері	1 отыратын орын	0,88
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,56
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,007
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,06
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,08
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м ²	0,85
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²	0,35
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,56
17	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,45
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,09
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,42
20	Жағажайлар, жолдардан көше сыпырындысы	Жалпы алаңы 1 м ²	0,82
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,52
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС (автожанармай станциялары)	(1 машина-орын	1,47
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,56
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,64

25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,56
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,55
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,36
28	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,41
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,75
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,007
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,86